

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ



МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ДЕПУТАТЫ

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

010000, Астана, Мажилис Парламента

201__ жылғы “__” _____

«__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

2018 жылдың 7 ақпанында жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Б.Ә.Сағынтаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Осы жылдың қаңтар айында Мәжіліс депутаттарының өңірлерге іссапары аясында біз Алматы облысының тұрғындарымен бірқатар кездесулер өткіздік. Кездесу барысында көтерілген мәселелердің бірі Ұйғыр ауданындағы жер асты суларының көтерілуі болды. Атап айтқанда Шарын ауылы жанынан салынып жатқан автобан құрылысы және құрғатқыш каналдар мен арық жүйлерінің ластануы, тазаланбауы жер асты сулары деңгейінің көтеріліп, нәтижесінде ауыл шаруашылық егістік жерлердің жарамсыз болып қалуына жеткізуі мүмкіндігі айтылды. Сонымен қатар бұл жағдай ауылдарға да қатер төндіре бастауда. Атап айтсақ, Шарын ауылында өткен жылы үш үй жердің саздануы салдарынан қирап қалған. Ауылдағы басқа да үйлердің жағдайы ауырлап келеді. Егер тез арада құрғатқыш каналды күрделі жөндеуден өткізбесе бұл ауыр жағдайға әкеп соқтыратыны анық.

Осы саладағы мамандардың пікірі бойынша маңайдағы жер асты суларының көтеріліп жатқандығын, оның салдары келешекте топырақтың тұзданып егістікке зиян келтіретініне болжам жасайды.

Айтылған Ұйғыр ауданындағы жер асты жылы суларын бақылаусыз пайдалану артезиан ұңғымаларындағы қысымның төмендеуіне әкеп соқтыруда. Өткен жылғы Қырғызсай мен Сүмбе ауылдарындағы сел, тау өзендеріндегі су шығындарының азаюы осының айғағы болып есептеледі. Сондықтан, демалыс аймағында жаңа артезиан ұңғымаларын бұрғылауды

уақытша тоқтату қажет. Жұмыс істеп тұрған ұңғымалардың гидрогеологиялық картасын жасап, эксплуатациялық шығындарды есептеп, әрбір шаруашылыққа жылы суларды қолайлы пайдаланудың ұсынымын бекіту керек.

Осыған орай, аталған мәселені тездетіп қолға алуды, яғни кешенді түрде гидрогеологиялық ғылыми зерттеу жүргізіп, мәселенің мән-жайын анықтауды сұраймын. Алда көктем мезгілі жақын қалғандықтан ауыл тұрғындарының мәселесін ертерек шешілгені жөн болар еді.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-ші бабына сәйкес депутаттық сауалға жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

**«Қазақстан халқы Ассамблеясы»
депутаттық тобының мүшелері**

**Ш.Нурумов
А.Мурадов
Н.Жұмаділдаева**

**«Нұр Отан»
фракциясының мүшесі**

М.Бопазов

**«Халықтық Коммунистер»
фракциясының мүшесі**

Т.Сыздықов

*орын: М.Ырысбекұлы
тел: 74-65-23*